

ЭТНОПЕДАГОГИКА НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРГЕ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ ӨЗЕКТІЛІГІ

Хамит А.Ж., Хамитбекова М.Р.,

Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

Патриоттық тәрбие тұлға қалыптасуының құрамдас бөлігі болып табылады, ол жастардың алған білімдерінің негізінде азаматтық борыш ұстанымымен, жеке бастық мүдделері, қоғамдық ұстанымдармен астасып жататын тіршілік әрекеті үлгісіне даярлығын қамтамасыз етуі тиіс. Қазірде қазақ халқының дәстүрлері негізінде жүзеге асырылатын патриоттық тәрбие әлеуметтендіру процесін тұлғаға дәл осы Отанға, Атамекенге қызмет ету арқылы, өз тарихы үшін, өз Отанының әлеуметтік дүниенің ғылымына, мәдениетіне, рухани құндылықтарына қосатын үлесі үшін мақтаныш сезімі арқылы өз қабілеттерін мейлінше терең ашуға мүмкіндік беретін деңгейге жеткізеді. Әрбір халықтың тарихи өмірінде қол жеткізген ең құнды дүниелері – рухани және адами қасиеттері, құлықтылық (моральдық нормалар) үлгілері бар. Сондықтан да әрбір жаңа ұрпақ үшін мәнді тәрбие - ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады. Өйткені, мұнда тәрбиенің негізін замандар бойы қалыптасып келген асыл рухани құндылықтар және биік ізеттілік тұрғысындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жататын, адамның адамдық қасиетін нығайтып, әрі асылдандыра түсетін, халықтың даналық өмір - салтынан туындап отыратын бұлжымас ережелер мен қағидалар құрайды.

Ұлттық тәрбие – адам өмірінің алтын арқауы. Ұлттық тәрбие жалпы адамзаттық рухани құндылықтарды жоққа шығармайды, қайта солармен үндесіп жатады. Бұлар бір-бірін байытып, құнарландырып отырады. Ұлттық тәрбиеден тереңдеп нәр алған адам - рухани бай адам. Ондай адам жалпы адамзаттық тұрғыдан мәдени және рухани құндылықтарды бойына тезірек сіңіреді, сөйтіп, толық әрі кәміл Адам дәрежесіне тезірек жетеді. Ұлттық менталитет – тұнып тұрған рухани қазына. Халықтың тілі мен мәдениеті болсын, салт-дәстүрі мен наным-сенімі болсын - мұның бәрі де әрбір халық үшін асыл да қымбатты рухани дүниелер.

Этнопедагогика – ұлттық тәрбие негізі деп білеміз. Ал ұлттық тәрбие ғаламдағы құндылықтарды бойына сіңіріп, өз құндылықтарын арттыра береді. Жас студенттердің бойында ұлттық патриотизмді қалыптастыруда ата-бабаларымыздың ұлағатты ойлары мен тәлімдік тәрбиесінің атқаратын орны ерекше. Ұлттық патриотизм дегеніміз – ең алдымен, белгілі бір ұлттың өкіліне сүйіспеншілікпен қарау, оның ұрпақтан-ұрпаққа үзілмей жалғасып келе жатқан құндылықтарын бойына сіңіру.

Жас ұрпақты патриотизмге тәрбиелеу – бұл тұлғаның, елдің, оның мәдениетінің бірегейлігі, әлеуметтің, халықтың әлеуметтік психологиясының ерекшеліктері толымды көрініс табатын қоғамдық өмірді ұйымдастырудың мәні мен мақсаттарын пайымдау арқылы жүйелі дамуы. Патриотизм міндетті түрде тұлғаның жоғары әлеуметтік белсенділігін көрсетеді, өйткені, оның өзі еңбекте табыстарға жету үшін, қоғамға, ел жұртқа, халыққа қызмет ету үшін биік серпін болып табылады.

Студент жастар қоғамның әлеуметтік құрылымында ерекше орын алады. Ендеше, қазіргі студент жастар өздерінің тұлғалық-кәсіби нығаюға бет алуының жоғары деңгейімен, шығармашылық потенциалымен, Қазақстанның әлеуметтік жаңғыру процесіне шынайы іс жүзінде қатысуға деген белсенді қызығушылығымен, қоғамдық өмірдің түрліше жақтарына, өзінің әлеуметтік бағдарларына деген даралық көзқарастарымен ерекшеленуі тиіс. Олар еліміздің әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени дамуының анықтаушы күші де болып табылады. Олай болса, студент жастардың тұрмысы мен болмысына, тәлімі мен тағылымына үстірт қарауға болмайды. Оқу процесінде студенттерде отан сүйгіштік сезімдерін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын төмендегідей көрсетуге болады:

- Оқу пәндері мазмұнының отан сүйгіштікке тәрбиелеу мүмкіндіктерін анықтау және олардан мақсатты түрде пайдалану;


- Тәрбиелеуші оқыту принципін іске асырып оқу үрдісінде ұлтжандылыққа тәрбиелеудің арнаулы әдіс – тәсілдерінен пайдалану;
 - Болашақ мамандарды кәсіптік тәрбиелеуді отан сүйгіштік бағдарда жүзеге асыру;
 - Мотивациялық, когнитивтік және мінез-құлықтық компоненттерінің өзара бірлігі негізінде қалыптасатын, студенттердің жеке тұлғасын интегративтік қасиеті ретіндегі отансүйгіштікті қалыптастыру технологиясын пайдалану;
 - Оқыту процесінде отан сүйгіштікке тәрбиелеудің этникалық – аймақтық ерекшеліктерін есепке алу, халықтық салт-дәстүрлерді пайдалану;
 - Болашақ мамандардың кәсіптік қалыптасуы және азаматтық – субъектілігін позициясының жан-жақты даму контекстінде отансүйгіштік сезімдерін (отансүйгіштігін) тәрбиелеу.
- Студент жастардың бойында отансүйгіштік сезімдерді қалыптастыру кез келген мамандықтың оқу жұмыс жоспарында қарастырылғаны жөн. Ол төмендегі (1-суретте) көрсетілген.



Сурет 1. Қазақстандық патриотизмнің мәні

Ұлттық қасиеттеріміздің ұрпақ бойында қалыптасуы қоғам игілігі үшін маңызды. Студенттерге ұлттық патриоттық тәрбие беру жоғары оқу орындарында кең көлемде жүргізілуі тиіс. Этнопедагогика – ұлттық тәрбие негізі деп білеміз. Ал ұлттық тәрбие ғаламдағы құндылықтарды бойына сіңіріп, өз құндылықтарын арттыра береді. Бірақ ол өндіріс және экономика сияқты «ғаламдастыруға» келмейді, өркениеттілікпен дамып, қалыптасады.

Қазақ этнопедагогикасы – өркениеттілік қасиеттерді бойына сіңірген ғылым. Сондықтан студенттер ұлттық патриотизммен сусындасын десек, қазақ этнопедагогикасы негізінде патриоттық тәрбие беруді жүйелі талдап, зерттеп, жоғары оқу орындарында патриот студенттер тәрбиелеуде енгізілуі керек. Ұлттық патриотизмді қалыптастырудың құралдары болып саналады: ұлттық тіл, ұлттық-әдеп ғұрыптар мен салт-дәстүрлер, ауызекі халық шығармашылығы, ұлттық тарих, ұлттық сәндік-қолданбалы өнер, ұлттық ойындар, тб. Осыған сәйкес біз ұлттық патриотизм ерекшеліктерін айқындайтын маңызды мәнін ашып (2-суретінде) көрсеттік.



Сурет 2. Ұлттық патриотизмнің мәні

1-кесте.

Қазақ этнопедагогикасы негізінде студенттердің патриоттық тәрбиелілігін қалыптастырудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері.

Компоненттер	Өлшемдер	Көрсеткіштер
Мотивациялық	Қазақ этнопедагогикасына деген саналы көзқарас, оның қоғамдық мәнін түсіну, қажеттілігін сезіну	қазақ этнопедагогикасына ерекше құрметпен қарау; қазақ этнопедагогикасын оқып-үйренуге қызығушылықтың болуы; қазақ этнопедагогикасындағы құнды идеяларды дұрыс қабылдай алуы; қазақ этнопедагогикасының патриотизмді қалыптастыруға дұрыс ықпалының бар екенін жете түсінуі; қазақ этнопедагогикасының ұлттық мәдениетті игерудегі маңыздылығын түсінуі
Когнитивтік	Қазақ этнопедагогикасы туралы білімнің және патриоттық сана-сезімнің болуы	қазақ этнопедагогикасының қалыптасу, даму тарихы туралы білімі; қазақ халық шығармашылығының мазмұндық ерекшеліктері туралы білімі; қазақ этнопедагогикасының тәлім-тәрбиелік идеялары туралы білімі; патриотизм, қазақстандық патриотизм, ұлттық патриотизм туралы түсінігінің болуы; патриоттыққа, елжандылыққа баулудың қазақ этнопедагогикасындағы халықтық дәстүрлерін игеруі; қазақ этнопедагогикасындағы ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін игеруі
Мінез-құлықтық	Қазақ этнопедагогикасын патриоттық іс-әрекетте қолдану білігі	ұлттық мәдени шараларға, үйірмелерге, спорт секцияларына, этномәдениет орталықтарына қатынасуы; қазақ этнопедагогикасының негіздерін күнделікті іс-әрекетінде қолдану; қазақ халқының мүддесін қорғай білуі; іс-әрекетінде қазақ халқының патриоттық құндылықтарын белсенді және саналы түрде қолдануы

Қазақстан азаматтарын патриотизмге тәрбиелеу – тұлғаның патриоттық сана – сезімін қалыптастыру; патриоттық іс – әрекетін ұйымдастыру.

Егеменді елдің азаматын тәрбиелеуде әр тәрбиешінің, әр ұстаздың ең басты мақсаты – дені сау, ұлттық сана – сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениеті, парасаты, ар – ожданы мол, еңбекқор, іскер бойында игі қасиеттері бар адамды тәрбиелеу.

Қорыта айтқанда, осы жоғарыда баяндалғандай патриоттық сезімдерді жеткізе білсек, студенттердің көкейіне патриотизм туралы ой сала білсек, үлгі көрсетсек, онда заманға сай, қоғамға керекті азамат, отансүйгіш, елсүйгіш азамат, елге қызмет ететін қайраткер тәрбиелейміз.

ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1 ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 ж.ж. арналған Мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан. 14 желтоқсан. 2010 ж.

2 Иманбетов А. Отан сүйгіштікке тәрбиелеу-басты міндет // Қазақстан мектебі. – 2005. – №5. – 38 б.

3 Джанабаева Р. Патриоттық тәрбиенің жүйелік сипаты // Абай ат. Қаз ҰПУдың Хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2006. – №1. – 101–102 б.